

«Мирас» тарихи-танымдық клубы - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті студенттерінен құрылған ұйым. «Мирас» клубына университеттің барлық мамандықтарында оқитын 1-4 курс студенттері қатыса алады. Клуб студенттердің арасында іс-шараларды, кездесулерді өткізе отырып, олардың бойында тарихи сананы қалыптастыру, өз ойын жеткізе алу, сөйлеу шеберлігін шындаумен айналысады.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

- студенттердің келешекте халыққа қызмет ететін тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ат салысу;
- студенттер арасында әртүрлі байқаулар өткізе отырып, олардың ғылыми әлеуетіне баға беру;
- студенттерді отансүйгіштікке баулу, тарихи қызығушылықтарын арттыру;
- қоғамда өзекті мәселелерді талқылап, сараптап, пікір алмасып отыру;
- басқа оқу орындарындағы клубтармен байланыс орнату.

Жыл барысында клуб мүшелері «Қазіргі қазақ жастарының бойындағы «Ұлттық мен» мәселесі, «Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол!» тақырыбындағы кездесу кешін, «Не? Қайда? Қашан?» атты 1 - курс студенттері арасында дәстүрлі интеллектуалды ойынды өткізіп келеді.

Студенттер Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен атқарған қызметі және шығармаларынан түрлі тақырыптар алып, шығарма сайысына қатысты. Нәтижесінде, Техникалық факултеттің ТПП – 119 - оқу тобының үш студентінің (А.Құлжабай, С.Абдуманапова, С.Искакова) жазған шығармалары үздік деп танылды.

Дөңгелек үстел барысында «Мирас» жастар клубы мен «Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшелері ХХ ғасыр басындағы «Алаш» деп аталатын ұлт-азаттық қозғалыстың шығуы мен себебі, сипаты және Қазақстан тарихында алатын орны туралы өз ойларын ортаға салып, талқылады.

Қазіргі таңда клубта - 17 студент жұмыс істейді.

Клубтың жетекшісі - Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к Енсепов Б.Б.



